

Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 266 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу қағидалары бекітілсін.

2. "Жеке және заңды тұлғалардың телекоммуникациялар саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардағы акцияларды, үлестерді, пайларды меншікке сатып алуын келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қазандағы № 1085 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 10 сәуірдегі
№ 266 қаулысымен
бекітілген

Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу ҚАҒИДАЛАРЫ 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып

алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) байланыс желілері – тарату желілері (кәбілдік, радиорелелік, спутниктік және басқалары), байланыстың физикалық тізбектері және жол-кәбілдік, оның ішінде магистральдық (халықаралық және қалааралық) құрылғылары;

2) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы – қалааралық және халықаралық байланыс жолдарын, қалааралық және халықаралық коммутация станцияларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын әрі трафик транзиті және басқа байланыс операторларына желілік ресурстарды беру бойынша қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсететін тіркелген байланыс операторы;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздік органдары) – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын арнаулы мемлекеттік органдар;

4) магистральдық байланыс желісі – Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің телекоммуникация желілерінің аймақтық (қалааралық) және (немесе) халықаралық коммутация станцияларын жалғайтын жерүсті (кәбілдік, оның ішінде талшықты-оптикалық, радиорелелік) немесе спутниктік байланыс желісі;

5) өтініш беруші – қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті иеленетін және (немесе) жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайызынан астамын сатып алуға немесе өзгеше жолмен меншікке алуға ниетті жеке немесе заңды тұлға;

6) өтінішхат – қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу үшін байланыс саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) жіберетін өтініш;

7) өтініш берушілер тобы – келісу нәтижесінде бірлесіп қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе)

оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісуге құқығы бар не оны алатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі.

3. Магистральдық байланыс желілері болып табылатын стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуды не оларды иеліктен шығаруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсат беру туралы шешімі негізінде және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын тәртіппен жүргізуге болады.

2-тарау. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу тәртібі

4. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының - 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу (бұдан әрі – мәміле) үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз және (немесе) электрондық нысанда өтінішхат жібереді (ақпараттық жүйелер, почта жөнелтімдері, мемлекеттік органның интернет-ресурстары арқылы).

5. Өтінішке мына құжаттар қоса беріледі:

егер акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алуды өтініш берушілер тобы жүзеге асырса, өтініш берушінің заңды тұлғасының немесе өтініш берушілер тобының құрылтай құжаттарының, жарғысының көшірмелері;

акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алуды жүзеге асыратын өтініш берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын өтініш берушілер тобы келісетін болса, үлестес тұлғалар туралы мәліметтер әрбір субъект бойынша бөлек ұсынылады;

қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының, сондай-ақ телекоммуникация желісі иелерінің жарғылық капиталындағы (мүлкіндегі) өтінішхат берген кезде өтініш берушіге тиесілі болған акциялары, үлестері, пайлары туралы мәліметтер;

қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының немесе телекоммуникация желісі иесінің жарғылық капиталындағы (мүлкіндегі) сатып алынатын акциялардың, үлестердің, пайлардың саны (мөлшері) мен құны туралы мәліметтер;

қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншігіне өзгеше алуын келісу бойынша мәміле жасауға негіз болатын шарттың жобасы;

консорциумға қатысушылардың бірлескен шаруашылық қызметі туралы шарт (консорциумға қатысқан кезде).

Уәкілетті органға ұсынылатын мәліметтер өтініш берушінің (немесе) өтініш берушілер тобы жетекшісінің қолымен куәландырылады.

6. Уәкілетті орган құжаттармен қоса өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

Өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган өтініш берушіге құжаттардың толық топтамасын ұсыну қажеттігін көрсетіп, хат жібереді.

Өтініш беруші көрсетілген ескертулерді жойғаннан кейін осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген тәртіппен өтінішхат жібереді.

7. Өтінішхатты уәкілетті орган 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қарайды. Бұл ретте осы Қағидаларға сәйкес өтінішхатты қарау үшін ұсынылуы қажет құжаттардың толық топтамасын уәкілетті орган алған күн құжаттардың түскен күні болып есептеледі.

8. Ұсынылатын құжаттарда және мәліметтерде коммерциялық, қызметтік және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге құпияның болуы оларды уәкілетті органға беруден бас тартуға негіз болмайды.

Ұсынылған құжаттарда коммерциялық, қызметтік және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтер болған кезде өтініш беруші мұндай мәліметтердің толық тізбесін ұсынады.

9. Уәкілетті орган өтінішхат түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішхаттың және оған қоса берілген барлық құжаттардың көшірмелерін ұлттық қауіпсіздік органдарына жібереді.

10. Ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті органнан құжаттардың көшірмелері қоса берілген өтінішхаттың көшірмесін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға болжамды мәмілені келісу немесе тиісті дәлелмен бас тарту туралы хат жолдайды.

11. Өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган өтініш берушіге мәмілені келісу туралы хат немесе мынадай жағдайларда:

1) ұсынылған құжаттар дәйексіз болса;

2) мәміле жасау нәтижесінде өтініш берушінің (өтініш берушілер тобының) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларын басқаруға үстемдікпен қатысуы орын алып, ол Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісуден дәлелді бас тарту жолдайды.

Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу сатып алу немесе өзгеше алу туралы шешімді уәкілетті орган қабылдап, кейіннен ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар етеді.

12. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мәмілелерді келісу олар жасалған сәтке дейін жүргізіледі.

13. Өтініш берушілер уәкілетті органмен, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіспей жасаған мәмілелер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 159-бабына сәйкес жарамсыз деп танылады.

Қалааралық және (немесе)
халықаралық байланыс
операторы ретінде байланыс
желісін иеленетін және (немесе)
оны басқару немесе пайдалану
жөніндегі қызметті жүзеге
асыратын ұйымның дауыс
беретін акцияларының, сондай-ақ
үлестерінің, пайларының
10 пайыздан астамын жеке және
заңды тұлғалардың сатып алуын
немесе меншікке өзгеше алуын
келісу қағидаларына
қосымша

Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс желісін иеленетін және (немесе) оны басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының 10 пайыздан астамын жеке және заңды тұлғалардың сатып алуын немесе меншікке өзгеше алуын келісу жөніндегі өтінішхат _____

(мәміле мәні)

1. Акцияларды, үлестерді, пайларды сатып алу жөнінде жасалатын мәміленің негіздемесі _____

2. Өтініш берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер

3. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының, сондай-ақ байланыс желілері иелерінің жарғылық капиталындағы (мүлкіндегі) мүдделі тұлғаға тиесілі акциялар, үлестер, пайлар туралы мәліметтер

4. Сатып алынатын акциялардың, үлестердің, пайлардың саны (мөлшері) және бағасы туралы ақпарат

5. Қосымша (өтінішке қоса берілетін құжаттар, шарт жобасы)